



К.Айтазин көшесі № 16А, телефон: 21 – 6 – 79 E mail: Zhurgenovsh@mail.ru

Темірбек Жүргенов селосы

село Темирбека Жургенова

Бұйрық №100 н/к

24 мамыр 2024 жыл
2023-24 оқу жылын аяқтау және
қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы №304,2008 жылғы 18 наурыздағы №125, 2023 жылғы 13 сәуірдегі №96, 2024 жылғы 13 мамырдағы №103 бұйрығы, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2024 жылғы 16 мамыр №252 бұйрығына сәйкес меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, 2023-2024 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарындағы оқу сабақтары 2023 жылғы 24 мамырда аяқталсын.

2) Қорытынды аттестаттауды бекітілген мерзімдерге сәйкес, талапқа сай өткізу шаралары қабылдансын:

9-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары-2024 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;

11-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары- 2024 жылғы 28 мамырдан бастап 11 маусым аралығында.

3)Қорытынды аттестаттау бекітілген мерзімдерге сәйкес өткізілсін:

9-сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі/орыс тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл.пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін – жазбаша жұмыс (мақала,әңгіме,эссе) - 2024 жылғы 29 мамыр;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы)-2024 жылғы 3 маусым;

3)орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) - 2024 жылғы 6 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика,химия ,биология ,география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика)-2024 жылғы 10 маусым;

11-сынып оқушылары үшін:

1)қазақ тілі/орыс тілінде бзлім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан-2024 жылғы 28 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан - 2024 жылғы 31 мамыр;

3)Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан-2024 жылғы 4 маусым;

4) орыс тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан-2024 жылғы 7 маусым;

5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика)-2024 жылғы 11 маусым.

4) Қазақ тілі бойынша емтихан қазақ тілінде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі» пәні бойынша және орыс тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша жазбаша және ауызша нысанда өткізілсін.

5)2023-2024 оқу жылын аяқтау,аралық,қорытынды,мемлекеттік бітіру емтихандарын өткізу,академиялық адалдықты қамтамасыз ету іс-шаралары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің жоғарыда берілген бұйрықтарының талаптарына сәйкес ұйымдастырылсын.

6) Жалпы орта білім беру туралы «Алтын белгі» аттестатын алуға үміткерлердің оқу пәндерінен емтихан тапсыру барысын академиялық адалдықты қамтамасыз ету үшін қадағалау, жазбаша емтихан жұмыстарын бақылау шаралары ұйымдастырылсын.

7)Білім беру ұйымдарында 25 мамыр күні оқу жылының аяқталуына арналған «Соңғы қоңырау» шарасы, 12-15 маусым аралығында жалпы орта білім беру аттестаттарды тапсыру шараларын міндетті түрде мектеп қабырғасында өткізу әрі білім алушылардың өмір қауіпсіздігін құзіретті мекеме өкілдерімен бірге қамтамасыз ету шаралары қатаң бақылауға алынсын.

8)Мектепке дейінгі,жалпы орта білім беру ұйымдарында ата-аналардан қаражат жинамау мәселесі қатаң бақылауға алынсын.

9)Ұлттық білім беру деректер қоры мәліметтері мен электронды бағалау жүйесінің уақытылы,сапалы толтырылуы, жылдық, қорытынды бағалардың уақытылы қойылуы қадағалансын.

2.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау оқу ісінің орынбасары А.Кудайбергеноваға міндеттеледі.

Мектеп директоры:  Л.Х.Еспанова

